«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

# НОВАТОР

19 қараша
2021 жыл
ЖҰМА

№ 22 (4486)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW. ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



2 КПД: ИТОГИ 9 МЕСЯЦЕВ



4 АМӨЗ ПРАКТИКАНЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРДЫ

ЖОБА

**Облыстағы экологиялық ахуалдың жақсаруына бағытталған жоба бүгінде қарқынды жұмыс үстінде. Еуропа Қайта Құру және Даму банкі платформасындағы тендерлік рәсімдер мен келісімшартты дайындау және бас мердігермен қол қою этаптары сәтті аяқталды. Қазіргі таңда нормативтік-тазартылған ағын сулар арнасын қайта жаңарту - «АМӨЗ» ЖШС-нен Атырау қаласындағы кәріздік тазарту құрылыстарына дейін құбыр желісін төсеу жұмыстары жүргізілуде.**

# TAZALYQ-тың БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

1 және 2 секторлардың булану алқаптарын қалпына келтіру жұмыстары да қызу жүріп жатыр. 1 сектордың ауданы-196 Га болса, 2 сектордың ауданы-272 Га құрайды.

2022 жылы қазан айында 3 және 4 секторлардың булану алқаптарын қалпына келтіру жұмыстары басталмақ. 3 сектордың ауданы - 195 Га болса, 4 сектордың ауданы - 196 Га.

Жалпы алаңы 860 гектарды құрайтын жоба бойынша булану алқаптарының барлық аумағы бөгеттердің көмегімен төрт секторға бөлінген. Сектор учаскелерін кептіру жұмыстары жүргізілуде. Кептіру үшін суды сектордан секторға айдауға арналған мотопомпалар пайдаланылды. Сонымен қатар аумақтың кебуіне табиғи булану процессі де ықпал етуде. Аумақтың 78% - ын қамыс алып жатырғандықтан, кептіруден кейін жоба бойынша қамыстар шабылады.

Аумақты қамыстан тазартып болған соң, топырақ ауамен толығуы және биологиялық өнім одан әрі тиімді әсер етуі үшін жерді жырту жоспарланған. Мұнаймен ластануды жою үшін жобада мұнаймен және оның құрауыштарымен қоректенетін бактериялары бар сұйықтық болып табылатын биологиялық өнімді пайдалану қарастырылған. Ондай препараттарды мұнайқұрылымдары деп атайды.

Соңғы кезең – қамыстың қайтадан өсуін болдырмау үшін, топырақты қайтадан үш рет қопару.

Жобаның мақсаты: 2023 жылғы желтоқсанға дейінгі мерзімде буланудың қолданыстағы алқаптарында рекультивациялық жұмыстар жүргізу және сарқынды суларды қалалық тазарту құрылыстарына жіберу арқылы өңірдегі экологиялық жағдайды жақсарту.

Бүгінгі таңда булану алаңдарының 1 және 2 секторлардың жұмысы 64% ға, канал (уақытша құбыр) 100% ға орындалды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жобаның кестесіне сәйкес ауытқусыз жүргізілуде.

3415 метр уақытша коллектор төселіп, 100% ға орындалды. АМӨЗ – ден булану алаңына дейінгі уақытша құбырды 15 қарашада пайдалануға берілу жоспарланған. Бұдан ашық арнаны жою есебінен экологияны жақсартуға мүмкін алады.

Бөгеттер орнату үшін булану алаңына 74 560 $м^3$-тан 73 058 $м^3$ топырақ әкелінді. Яғни жұмыстар 91%-ға орындалды.

АМӨЗ мен қала арасын және булану алқабын 4 секторларға бөлу үшін 4660 метр қоршау бөгеті төселіп, 100 % ға орындалды. 25 қарашадан булану өрістерінің 1 секторын қалпына келтіру жұмыстары басталды. Ал, 20 қарашадан булану өрістерінің 2 секторын құрғату аяқтау жоспарланған.

Қазіргі таңда жұмыс атқарып жатырған «NSS» ЖШС мердігер мекемесі. Жобаға 18 адам, 20 бірлік арнайы техника жұмылдырылған.

«Tazalyq» жобасы табиғатты қорғау іс-шараларын орындауға бағытталған. Жоба екі бөліктен тұрады. Бірінші кезең АМӨЗ-дегі ағынды суларды тазарту құрылысын қайта жаңғырту болса, екінші кезең - нормативтік тазартылған сарқынды суларды қайта құру және булану алқаптарын қалпына келтіру.

Бүгінгі күні Атырау мұнай өңдеу зауыты қолданып отырған тазалау құрылыстары ағынды сулардағы зиянды заттарды максималды түрде азайтуға мүмкіндік береді. Кәсіпорында енгізілген ағынды суларды био тазалау жүйесі булану алаңына шығарылатын ағынды сулардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Биологиялық тазарту құрылыстарын қайта жаңартудың арқасында тазартылған су қайта пайдалануға қайтарылғандықтан, булану алаңдарына жіберу 30% - ға қысқарады, Жайық өзенінен суды тұтыну да азаяды.

«Tazalyq» жобасының нәтижесінде АМӨЗ сарқынды сулары тазартылғаннан кейін нормативтік көрсеткіштерге ие болады, тазарту құрылыстарының ашық ыдыстарынан атмосфераға зиянды булану және булану алаңдарынан қоршаған ортаға әсер ету тоқтатылады.

Сонымен бірге тазартылған судың бір бөлігі өндірісте қайта пайдаланылатын болады.

**Арайлым ҚАБДЕШОВА**
**Суретке түсірген**
**Райымбек ЖӘНІБЕКОВ**



*1-сектор*



*2-сектор*



*Уақытша құбыр*



*Бөгет*

QAÝIPSIZDIK
SAPA
TURAQTYLYQ

QazMunaiGaz
AMÓZ
ATYRAÝ MUNAI ÓŃDEÝ ZAÝYTY

БЕЗОПАСНОСТЬ
КАЧЕСТВО
СТАБИЛЬНОСТЬ

СҰХБАТ

# 9 АЙДЫҢ НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

**Қаржы-шаруашылық қызметінің 9 айдағы көрсеткіші бойынша Атырау мұнай өңдеу зауыты 8 пайдалы әсер коэффициентінің үшеуін ғана орындаған. Оның себебі мен әсері жөнінде экономика және қаржы департаментінің директоры Бекжан Дузбаевтан сұрап көрген болатынбыз.**

**- Бекжан Қайырұлы, 9 айдың нәтижелері қандай болды?**

- Тоғыз айдағы нәтиже бойынша бізге белгіленген 8 қызметтің негізгі көрсеткішінің бесеуі орындалған жоқ. Олар: ашық түсті мұнай өнімдерінің шығу көрсеткіші, жабдықтың жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз ету, қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау, Tazalyq инвестициялық жобасы бойынша іс-шараларды іске асыру, сатып алу қызметі бойынша нысаналы индикаторларды орындау іске асырылған жоқ. Оның ішінде бізге бекітілген сегіз нысаналы индикаторлардың жетеуі орындалмай отыр. Басқа зауыттармен салыстырғанда біз ең төменгі көрсеткіштерге ие болып отырмыз. Атап айтар болсақ, Павлодар мұнай-химия зауыты 6 көрсеткіштің бесеуін, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС сегіз көрсеткіштің жетеуін ал, Caspi Bitum бес көрсеткіштің барлығын орындап отыр.

**- Осындай көрсеткіштердің себептері қандай?**

- Әрине, бұндай нәтижелердің өзіндік бірқатар себептері бар. Мысалы, жыл басындағы жоспардан тыс энергия жүйесінің ауытқуы себебінен кейбір қондырғылардың жұмысының тоқтауы, жоспардан тыс жөндеу жұмыстарының жүргізілуі, қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау үшін ҚМГ –дан алдын ала төлемнің алынуы, Tazalyq жобасы бойынша ұзақ мерзімді Еуропа қайта құру және даму банкімен келіссөздер жүргізіліп, мерзімінен кешігу сынды қиындықтарға кезігу себебінен болып отыр.

**- Онлайн жиында қандай тапсырмалар берілді?**

- Кеңейтілген кеңестің корытындысы бойынша Атырау мұнай өңдеу зауытына бірқатар тапсырмалар берілді. Соның ішінде алдымызда бекітілген өндірістік бағдарламаға сәйкес өндіріс бойынша жоспарлардың жыл соңына дейін орындалуын қамтамасыз ету, Зауытты тиісті техникалық жағдайға келтіру, паспорттық деректерге сәйкес өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, қалыпты іске қосуды қамтамасыз ету және пайдалануға шығару мақсатында 2022 жылы АМӨЗ жөндеуге сапалы дайындық жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету, Tazalyq жобасының уақытылы әрі сапалы жұмыс барысын қамтамасыз ету сынды тапсырмалар тұр. Және де экологияны жұмыстың басым бағыттарының бірі ретінде анықтау басты назарда. Қазіргі таңда Тазалық жобасы бойынша кедергілер алынып, жоба кесте бойынша, ауытқусыз жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар өндірістік жарақат алу жағдайларының тіркелмеуі де қауіпсіздік техникасының жақсы сақталғандығының бір белгісі деп білемін. Дегенменде, қызметтік көрсеткіш деңгейі кәсіпорын орындауға міндетті тапсырмалар екенін қызметкерлер түсінуге тиіс. Ал, біз нәтижесінде өте төменгі деңгейде қалып отырмыз. Сондықтанда алдымызда көптеген жоспарлар мен тапсырмалар тұр. Соны шешу жолында Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлеріне күш біріктіріп қызмет атқаруға шақырамын.

**- Жауабыңызға рахмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Арайлым ҚАБДЕШОВА**

ИНТЕРВЬЮ

# КПД: ИТОГИ 9 МЕСЯЦЕВ



**Итоги финансово-хозяйственной деятельности за 9 месяцев 2021 года дочерних и зависимых организаций нефтепереработки АО НК «КазМунайГаз» были подведены на онлайн-совещании под руководством заместителя председателя Правления КМГ по переработке нефти и нефтехимии Данияра Тиесова. Каково исполнение ключевых показателей деятельности (КПД) ТОО «АНПЗ» за указанный период? Этот вопрос мы адресовали директору департамента экономики и финансов Бекжану Дузбаеву.**

- По результатам отчетного периода ТОО «АНПЗ» из поставленных 8 КПД исполнило только 3. Это операционные и капитальные затраты, снижение коэффициента производственного травматизма и соблюдение нормативов эмиссий (СНЭ) в окружающую среду. В числе неисполненных КПД - невыполнение плана по выходу светлых нефтепродуктов, обеспечение надежности функционирования оборудования, обязательства по займам, реализация мероприятий по инвестиционному проекту Tazalyq и целевые индикаторы по закупочной деятельности.

**- В чем кроются причины не исполнения КПД?**

- Основной причиной невыполнения производственных показателей, в частности по светлым нефтепродуктам, а это основной КПД, стали сбои в подаче электроэнергии на АНПЗ в январе этого года, которые повлекли за собой внеплановые остановы ПГПН, ПАУ, ППНГО, ПКиС, серьезные выходы из строя производственного оборудования, в том числе, установки каталитического крекинга, ремонтно-восстановительные работы для устранения последствий нарушений энергоснабжения. Кроме этого, был внеплановой останов УЗК.

Если взять в целом дивизион нефтепереработки, то по итогам 9 месяцев АНПЗ является аутсайдером среди других заводов. Для сравнения скажу о результатах других НПЗ: ПНХЗ и ПКОП не исполнили лишь по одному КПД, а Caspi Bitum выполнил все 5 КПД. Для четкого понимания картины в целом хотел бы уточнить, что параметры КПД устанавливаются для каждой дочерней и зависимой организации КМГ по отдельности, другими словами, это те цели и задачи, которые АО НК «КазМунайГаз» как материнская компания ставит перед ДЗО, и которые должны быть исполнены за отчетный год. К сожалению, по состоянию на 9 месяцев текущего года больше половины задач, поставленных перед АНПЗ, не выполнены.

**- Какие поручения были даны по итогам совещания?**

- Заместителем председателя Правления КМГ по переработке нефти и нефтехимии Данияром Тиесовым были даны ряд поручений. Главное из них – обеспечить до конца года исполнение планов по производству в соответствии с утвержденной производственной программой. Также, в числе ключевых заданий – обеспечение качественных подготовительных работ к ремонту АНПЗ, который запланирован на следующий год. Кроме этого, в соответствии с графиком должны вестись работы по проекту Tazalyq.

В заключение хотел бы еще раз подчеркнуть, что заводчане должны сполна осознавать свою ответственность в выполнении поставленных задач. Только сплоченность коллектива, профессиональная, добросовестная работа каждого сотрудника может дать эффективный результат.

**- Спасибо за ответы.**

**Индира САТЫЛГАНОВА**
**Фото Данияра МУХАМБЕТОВА**



# КАДРОВОЕ НАЗНАЧЕНИЕ

**Приказом №135-к от 25.10.2021 года Толбай Муратбек Тажимуратулы назначен начальником отдела по отгрузке, транспортировке нефтепродуктов и работе с давальцами.**



М.Т.Толбай родился 6 декабря 1993 года.

**Образование:** Казахский университет экономики, финансов и международной торговли.

**Квалификация**: бакалавр в области услуг.

**Трудовая деятельность:** ассистент в филиале «Каспий Меруерты Оперейтинг Компани Б.В», администратор гостиничного комплекса ТОО «Sport Invest Group», директор БЦ ТОО «Astana Real Estate management», старший специалист департамента реализации нефтепродуктов ТОО «КазМунайГазОнимдери», менеджер отдела материально-технического обеспечения ТОО «Семизбай-U» (АО «НАК «Казатомпром»») (2017-2021гг.).

НОВОСТЬ

# ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ОМБУДСМЕН

**При Атырауском НПЗ начал работать эко-омбудсмен. Им стала известный в регионе юрист, правозащитник, профсоюзный активист Салтанат Рахимова.**



Появление позиции экологического омбудсмена — первый подобный опыт среди промышленных предприятий в Казахстане. Эко-омбудсмен будет представлять интересы региональной общественности, местных экологических НПО на заводе, наблюдать за влиянием производственной деятельности предприятия на экологию, информировать жителей об этом, реагировать на вопросы жителей к руководству завода, налаживать конструктивный диалог между АНПЗ и общественностью.

Салтанат Рахимова — неравнодушный человек с большим опытом юридической и общественной работы, который искренне переживает за судьбу Атырау, часто поднимает важные экологические темы. Она обладает необходимыми профессиональными знаниями в юриспруденции и правозащите.

«Важно отметить, что эко-омбудсмен появился при заводе благодаря инициативе «КазМунайГаза». При этом я, как обычный житель города Атырау, выступаю посредником между жителями и заводом. Моя главная задача — содействие местной общественности в объединении усилий с АНПЗ в поисках эффективных решений по сохранению экологии в регионе и ее возможного улучшения. Как практическому деятелю в области права, защищающему интересы граждан Казахстана, мне крайне важно донести до предприятия вопросы и чаяния горожан и, в свою очередь, рассказать горожанам о деятельности предприятия, которое вносит огромный вклад в экономику как региона, так и всей страны», - отмечает Салтанат Рахимова.

У эко-омбудсмена имеется возможность и соответствующие полномочия как медиатора открыто представлять завод на всех общественных диалоговых площадках, круглых столах и конференциях, посвященных экологии региона, а также рассматривать жалобы и обращения общественности для выработки конкретных совместных решений.

«Контроль со стороны общественности и открытость АНПЗ помогут решить эту задачу. Как омбудсмен я готова приложить к этому все усилия», — подчеркнула Салтанат Рахимова.

Экологический омбудсмен открыта для всех вопросов и предложений от населения и готова принимать их через свою электронную почту aidisa75@mail.ru и страницу в Facebook.

***Справочно:***

*Салтанат Рахимова возглавляет Атырауский областной филиал ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз нефтегазового комплекса». Имеет лицензию адвоката, сертификат медиатора. Является председателем общественного Фонда «Адамгершілік», общественного совета по борьбе с коррупцией города Атырау при городском филиале партии «Нур Отан». Член специальной мониторинговой группы по Атырауской области по борьбе с коррупцией.*

*Участник Национального превентивного механизма против пыток, жестоких, бесчеловечных и унижающих достоинство обращений в местах несвободы по Атырауской области.*

ЗЕЛЕНЫЙ ПОЯС

# ОЗЕЛЕНЕНИЕ ПЕРЕТАСКИ

**В целях выполнения поручений Президента Республики Казахстан К. Токаева о проведении широкомасштабных озеленительных работ в стране, озвученных в Послании народу Казахстана, между ТОО «АНПЗ» и акиматом Атырауской области заключен меморандум «О проведении озеленительных работ на территории города Атырау».**

В рамках данного документа Атырауским НПЗ проведена работа по благоустройству и озеленению участка площадью 5 га в близлежащем поселке Перетаска. Выбранная территория предварительно была очищена от мусора, произведен демонтаж оставшихся строений. Кроме того, проведены почвенно-мелиоративные изыскания и разработана проектно-сметная документация (ПСД) по благоустройству и озеленению. На данном участке высажены 2500 саженцев тополя, карагача, ясеня. Именно эти виды деревьев, как известно, особенно хорошо приживаются в местной высокосоленой почве. Этой осенью полив будет осуществляться при помощи спецтехники (водовозов), но уже в следующем году планируется поставить насосную станцию с поливочной системой.

Атырауский НПЗ будет и дальше всячески способствовать реабилитации экологической ситуации в регионе и улучшению качества окружающей среды путем активного участия в озеленительных работах.

Отметим, что на сегодняшний день у завода имеется озелененная и благоустроенная санитарно-защитная зона площадью 224 га. На данной территории высажено 126 270 деревьев и кустарников, кроме этого, ежегодно производится подсадка и уход за саженцами в количестве 11 753 штук.



ДУАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ

# ОБРАЗОВАНИЕ НА РАБОЧЕМ МЕСТЕ

**На заводе с 1 ноября текущего года возобновлено дуальное обучение. Его пройдут 22 студента из трех учебных заведений, с которыми ТОО «АНПЗ» имеет договоры о сотрудничестве по внедрению дуальной системы подготовки кадров – это АУНиГ им С.Утебаева, Атырауский высший политехнический колледж им С.Мукашева и ТОО «Высший колледж APEC Petro Technic».**

22 стажера были отобраны заводской комиссией по результатам конкурса, который состоял из двух этапов: тестирования, в ходе которого проверялись теоретические знания и собеседования со специалистами завода. -Претенденты, набравшие более 50 баллов, были допущены к собеседованию, которое прошло онлайн, - рассказывает специалист по обучению и развитию персонала Роза Умбетова. -22 октября мы завершили конкурсный отбор, и в итоге 3 студента Атырауского высшего политехнического колледжа им С.Мукашева, 4 студента ТОО «Высший колледж APEC Petro Technic» и 15 человек из АУНиГ им С.Утебаева получили право пройти дуальное обучение в производствах нашего завода. Эти ребята учатся по специальностям: «Технология химического инжиниринга», «Техническое обслуживание и ремонт оборудования нефтегазовой промышленности», «Технология переработки нефти и газа», «Химическая технология органических веществ», «Машины и оборудование нефтяной и газовой промышленности», «Технологические машины и оборудование». В будущем мы планируем заключить договор с вышеназванными вузами и отобранными студентами, где будут прописаны все права и обязанности трех сторон, то есть, завода, университета или колледжа, и стажера.

Все студенты-дуальщики будут обеспечены спецодеждой, спецобувью и средствами индивидуальной защиты(СИЗ). Напомним, дуальное обучение предусматривает 60% практики на производстве и 40% теории. При этом за каждым студентом закрепляется наставник, который обучает его практическим навыкам по конкретной специальности. Стажерам выплачивается ежемесячная компенсационная выплата в размере 1 МРЗП. Необходимо отметить, что на Атырауском НПЗ разработан свой стандарт дуального обучения, благодаря которому студенты имеют возможность пройти весь технологический процесс - от первичных до вторичных процессов.



**Валерия Тен, студентка Высшего колледжа APEC Petro Technic:**

*«Я учусь на 4-ом курсе колледжа по специальности «Технология химического инжиниргa». В связи с пандемией большая часть занятий в колледже прошла в режиме онлайн, это, конечно же, несет определенные трудности в освоении материала. И дуальное обучение, которое я сейчас прохожу на заводе, помогает мне подкрепить знания. На заводе меня определили в контрольную лабораторию ЦЗЛ, где я уже делаю фракционный анализ нефтепродуктов, как в ручном, так и в автоматическом режимах. Моим наставником является Наталья Борисовна Панова. Коллектив лаборатории очень хороший».*



**Алихан Джасакбаев, студент Высшего колледжа APEC Petro Technic:**

*«Я прохожу дуальное обучение на установке гидроочистки и депарафинизации газойля ПГП. Сейчас у меня ознакомительный этап - изучаю технологический регламент. В целом, масштаб завода меня очень впечатлил. В первую очередь, это технологические установки по первичной и вторичной переработке нефти. Одно дело – изучать все это в теории, и совсем другое – видеть процесс своими глазами. Уверен, что к концу обучения у меня будет масса впечатлений и богаж практических знаний».*

**Индира САТЫЛГАНОВА,**
**Фото Райымбека Жанибекова**

ТӘЖІРИБЕ

# АМӨЗ ПРАКТИКАНЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРДЫ

**Еліміздегі ең ірі кәспорындардың бірі Атырау мұнай өңдеу зауыты көптеген оқу орындарымен келісім жасасып, болашақта мықты мамандарды даярлау жолында көптеген жұмыстар атқарып келді. Кейін әлемді жаулаған короновирустық инфекциясының таралуы салдарынан мұндай мүмкіншіліктерді азайтуға тура келген болатын. Дегенмерде кейбір оқыту процесстері онлайн түрде жүргізіліп отырды.**



Суретке түсірген Райымбек ЖӘНІБЕКҰЛЫ

Кейін облысымыздағы эпидахуал жеңілдеген соң, зауыт қыркүйек айынан бастап студенттерді кәсіпорында қабылдап, практикадан өткізу игі дәстүрін жалғастыра бастады.

«*Қазіргі таңда жалпы 16 практикант зауытта тәжірибе жинақтады. Оның ішінде: APEC PetroTechnic Жоғары колледжінен 10 студент, Казақ-Британ техникалық университетінен 6 бітіруші тәжірибеден өтті. Әрі қарай да зауыт қызметкерлері өз тәжірибелерімен бөлісетін болады*», - дейді персоналды оқыту және дамыту бойынша маман Роза Үмбетова.

Болашақ мамандар негізінен зауыттың зертханасы мен өндірісітік қондырғыларында практикадан өтті. Төрт жыл бойы жинақтаған теориялық білімдерін іс жүзінде жүзеге асырып, зауыттық болудың қандай екендігімен бөліскен болатын:

«*Мен химиялық инжиниринг технологиясы мамандығының 4 курс студентімін. Бүгінде АМӨЗ зертханасында тауарлық бөлімінде бір айға жуық тәжірибе жинақтау үстіндемін. Зауыт маған қатты ұнап жатыр. Келгелі бері көптеген ақпараттар алып, іс жүзінде шыңдалып келемін. Түсінбеген жерлерімді тәлімгерім нақтылап, түсіндіріп, үйретуде. Осы практиканың арқасында мамандығымды дұрыс таңдағаныма тағы да бір көзім жетті. Болашақта АМӨЗ-де қызмет етуді қалар едім*», - деп жеткізді «APEC PetroTechnic Жоғары колледжі» ЖШС студенті Зарина Қиясова.

Ал, «Казақ-Британ техникалық университеті» АҚ 4 курс студенті Әсем Төрегалиева дипломалды практикасын АМӨЗ-де өткізуді жөн көрген. Тіпті диплом жұмысын жазуға ақпараттар жинақтап, жобаларға етене араласып кеткендігін айтады: «*Мен осы салада жұмыс істейтін және өзімді дамытатын Aspen HYSYS бағдарламалық жасақтаманы игеретін боламын. Қазірден бастап, осы бағыттағы мамандығымның маңыздылығын ұғынып жатырмын. Aspen HYSYS негізінде біз барлық маңызды инженерлік процестерді модельдей аламыз және ең дұрыс шешімдерді, нәтижелерді анықтай аламыз. Осы тәжірибені бекіту кезінде, практикалық даму тұрғысынан өзімді бекіту кезінде осы бағытта өз шеберлігімді көрсету және жетілдіру қаншалықты маңызды екенін білемін. Мен АМӨЗ-де қызмет еткім келеді. Себебі, мұнда студенттер үшін білімді бекіту және алға дамыту үшін үлкен білім базасы бар, сонымен бірге студенттерге өзін көрсетуге, өз кәсібінің маңыздылығын түсінуге көмектесетін үлкен бағдарламалар жүзеге асырылуда*», - дейді Әсем Төреғалиева.

***

Осы орайда Казақ-Британ техникалық университетінің түлектері атынан Әсем Төреғалиева АМӨЗ-ге алғысын білдірді. Зауытта жүріп-ақ жаңа технологиялармен танысып, көптеген жаңашылдықтарды үйренуге мүмкіндік алғандығын тілге тиек етті.

Болашақ маманды қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Серік Арыстан мен кәсіпорын мамандары қабылдап, жас түлекке ақ жол тіледі.

Өз кезегінде Серік Арыстан біздің зауытымызға да болашағынан зор үміт күттіретін мамандардың қажет екендігін айтты.

Кездесу соңында естелік сыйлықтар табысталып, сәттіліктер тіледі.

***

**Сонымен қатар, APEC PetroTechnic жоғары колледжінің 15 студенті «АМӨЗ» ЖШС мекемесінің мердігер ұйымы «Enertek» ЖШС-да өндірістік практикадан өтуде.**

«Студенттер механикалық және биологиялық тазарту қондырғыларының, су блогының және айналмалы сумен жабдықтау мұнарасының жұмысын зерттейді», - деп атап өтті компания өкілі Иван Байкеев.

Өндірістік тәжрибе аясында олар TAZALYQ жобасы бойынша салынып жатырған жаңа механикалық тазарту құрылыстарының құрылыс алаңына барып, жұмыс барысымен танысты. Бұдан басқа, студенттерге сумен жабдықтау және су бұру объектілерінің технологиялық процесі түсіндірілуде, жалпы өндірістік процестер және кәсіпорында енгізілетін озық технологиялар туралы айтылуда. Тәжірибеде өндірістік және экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылады.

«Атырау МӨЗ бізге Атыраудан шықпай-ақ, Қазақстанның жетекші зауыттарының бірінде жұмыс істеуге үлкен перспектива береді. Бұл әлемдегі ең үздік компаниялардың технологиялары енгізілген Қазақстандағы ең заманауи мұнай өңдеу зауыты. Осындай күрделі жабдықпен жұмыс істеу - біз үшін үлкен құрмет және жауапкершілік. Сондай-ақ, АМӨЗ-де өндірістік және экологиялық қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінетінін көрдік. Бұл мұндай ірі кәсіпорын үшін өндіріспен қатар маңыздылығы жоғары, - дейді колледж студенті Нұрлыбек Әубекеров.

Бейінді, өңірдің жетекші жоғары оқу орындарымен тұрақты ынтымақтастықтың арқасында Атырау мұнай өңдеу зауыты өзіне кәсіби жас мамандарды даярлауға, ал студенттер Қазақстанның технологиялық жағынан ең күрделі мұнай өңдеу зауытында баға жетпес тәжірибе алуға мүмкіндігі бар.

**Арайлым ҚАБДЕШОВА**

БЫТЬ НАГОТОВЕ

# УЧЕБНАЯ ТРЕНИРОВКА ПРОШЛА БЕЗ ЗАМЕЧАНИЙ

**На КУ ГБД ППНГО проведена учебная тренировка по аварийным ситуациям и инцидентам на тему «Разгерметизация фланцевого соединения подводящего трубопровода абсорбера отходящего газа 20-V-401, без возгорания, с одним пострадавшим (отравление парами сероводородосодержащего газа с последующей потерей сознания)».**

В ходе тренировки была проверена объектовая система оповещения, а также действия персонала КУ ГБД, в том числе, психологическая готовность работников установки на случай возникновения аварии. Кроме того, была отработана слаженность действий сил и средств в экстремальных ситуациях.



Учебная тренировка, начатая в 15 часов 02 минуты, была окончена в 15.09. В проведении тренировки, с учетом карантинных мер по нераспространению COVID-19, были задействованы формирования гражданской защиты, пожаротушения, газоспасателей и аварийно-спасательных работ специализированной команды опасного производственного объекта (СК ОПО) из числа работников ПАСЧ-16 ФАО «Өрт сөндіруші», ТОО «Медикер», АФ ТОО «KMG-Security».

За ходом учебной тренировки наблюдали представители управления по чрезвычайным ситуациям г.Атырау и ДЧС Атырауской области. При этом стоит сказать, что представители уполномоченного органа были допущены на территорию завода после экспресс-тестирования на COVID-19 и проведения вводного инструктажа по ТБ.



Необходимо указать, что учебное занятие было проведено в соответствии с Планом учений и тренировок в сфере гражданской защиты на территории г.Атырау, утвержденного начальником гражданской обороны – акима г.Атырау К.Уразбаева.

Тренировка прошла без замечаний, по ее итогам представители уполномоченного органа дали положительный отзыв.

Мұнай өндіру және тасымалдау өндірісінің ұжымы, өндірістік бөлімнің жетекші инженері Нұрлыбек Суханберлинге, аға операциялық координатор Жәнібек Суханберлинге және шикізат паркінің машинисі Мейірбек Суханберлинге

**асқар тау әкелерінің**

дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтады. Орны толмас қайғыларыңызға ортақпыз.

Коллектив ПиТН выражает глубокое соболезнование в связи с кончиной ветеранов завода

**Жидкова Ивана Петровича**
**Альменова Кадырбая Каировича**

Коллектив ПиТН выражает глубокое соболезнование товарному оператору Жидкову Николаю в связи с кончиной

**сестры**

**«НОВАТОР» басылымы**
№22. 19 қараша 2021 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

**Газет «Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды.**
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 2083

**БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:**
**бастығы А.Татиева**
**«MEDYAGROUP» ЖК:**
**жетекшісі – Д.Мұхамбетов**
**редакторлар: И.Сатылғанова, А.Аймұратқызы.**

**Газет Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде 1992 жылғы 27 мамырда тіркеліп, тіркеу туралы №790 куәлігі берілген**

**Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.**

НОВАТОР